9	Калбағай Тәрбие Рамазановна	Тәрбиеші	Астана-22 Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі "Өрлеу" Біліктілігін арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы	№0584702	9.12.2022 10.02.2023ж	«Интеллектуалдық дамыту ойындары- баланың әлеуетін арттыру құралы» «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзінеттілігін дамыту»
10	Зиманова Айнур Тұкпатоллаев на	Тәрбиеші	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі "Өрлеу" Біліктілігін арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы	№0584696	10.02.2023ж	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзінеттілігін дамыту»
11	Ануарбекова Ханымсия Уразаевна	Тәрбиеші	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі "Өрлеу" Біліктілігін арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы	№0584690	10.02.2023	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзінеттілігін дамыту»
12	Зражевская Жанетта Альбертовна	Тәрбиеші	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі "Өрлеу" Біліктілігін арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы	№0584698	10.02.2023ж	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзінеттілігін дамыту»
13	Раисова Роза Михайловна	Қазақ тілі пәні мұғалі мі	Астана-22 Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым	№0530770	9.12.2022 24.06.2022ж	«Интеллектуалдық дамыту ойындары-баланың әлеуетін арттыру құралы» «Мектепке дейінгі білім беру

			министрлігі «Өрлеу» Біліктілігін арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы			ұйымдары педагогтерінің ойын күзіндеттілігін дамыту»
14	Тоқсанбаева Зухра Жолниязқызы	Тәрбиеші	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу» Біліктілігін арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы	№0299808	28.02.2020ж	«Мектепке дейінгі ұйымдарының білім беру қызметіндегі STEAM-оқыту»
15	Кашкинова Айтолқын Жолдасқызы	Дене тәрбие сі нұсқау шысы	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу» Біліктілігін арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы	№0441746	2021ж	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнының жаңаруы жағдайында педагогтердің АКТ технологияларды пайдалануы бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»
16	Мизамова Моншақ Алмұратқызы	Хореогра ф	Атырау облысы әкімдігі облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасыОблыстық ғылыми-әдістемелік халық шығармашылығы мен мәдени демалыс қызметтерін ұйымдастыру орталығы. Атырау қаласының әкімдігі. Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт	Тіркеу нөмірі:536	10.10.2022ж	«Қазақ биінің орындалу әдісі мен теориясы» және «Қазақ биінің стилизациясы. Авторлық қойылымдардан авторлық көрсетілімі» Қазақстан Республикасының Халық әртісі Гүлжан Талпақованың әлемдік ұлттар биінен шеберлік сыныбына қатысқаны үшін сертификатберілді.

			бөлімі Құрманғазы атындағы мәдениет сарайы.			
17	Смагулова Айгерим Сериккалиевна	Тәрбиеші	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі "Өрлеу" Біліктілігін арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы	№0574377	10.02.2023ж	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту»
18	Мукашева Назира Кубайдоллақызы	Тәрбиеші	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу» Біліктілігін арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы. Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрлігі «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы.	№028688 №0658389	10.02.2020ж	«Мектепке дейінгі ұйымдарының білім беру қызметіндегі STEAM-оқыту» «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» 09.06,2023ж
19	Жанайысова Аяжан Артурқызы	Тәрбиеші	Астана-22 Педагогикалық шеберлік орталығының Атырау қ. филиалы	ВТ№005048	9.12.2022 8.11.2021ж	«Интеллектум дамыту ойындары-баланың әлеуетін арттыру құралы» Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының біліктілігін арттыру бойынша 235 академиялық сағат көлемінде оқу курсы аяқтады.

20	Ихсанова Сарагул Қонысовна	Тәрбиеші	1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіраралық орталығы 2.BILIMGER GROUP білім беру орталығы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі "Өрлеу" Біліктілігін арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы	№011965 №000794 » №0574377	17.03.2022 15.01.2022ж 10.02.2023ж	1.«М.Монтессори технологиясын пайдалану негізінде мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту» «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыруда әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, үздіксіз тәрбие мен білім сапасын арттыру, тәжірибелік білім-білік дағдыларын қалыптастыра білу» «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзиреттілігін дамыту
21	Акниязова Колканат Сапарбаевна	Тәрбиеші	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу» Біліктілігін арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы	№05030753	24.06.2022ж	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзиреттілігін дамыту»
22	Елемес Нұржанат Елтайқызы	Тәрбиеші	Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрлігі «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы --	№0658505	22.06.2022ж	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзиреттілігін дамыту»
23	Мынгышбаева Айжан	Саз жетекші	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым	№0344021	02.10.2020	«Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру мазмұнын жаңарту

	Абилкасовна		министрлігі «Өрлеу» Біліктілігін арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы			жағдайында музыкалық жетекшілердің кәсіби құзіреттіліктерін дамыту»
--	-------------	--	---	--	--	---

Бөбекжай-бақшаның, педагогикалық ұжымның марапаттары және өзге де жетістіктері (соңғы 2 жылда)

Педагогтар үнемі ізденіс үстінде, өздеріне жүктелген міндеттер бойынша кеңестер оқып, тәжірибе алмасады. Қалалық, облыстық деңгейде өтетін шараларға үнемі қатысып отырады. Оның нәтижелелі төмендегі көрсеткіштерді қамтыды.

2021 -2022 ; 2022-2023 оқу жылдары

«Үздік балабақша 2021» Республикалық конкурсы

«Qazaqstan Education»

Үздік жас маман қалалық байқауы ІІІ орын Жанайысова Аяжан Артурқызы 2022ж

«Балаларға базарлық» қалалық байқауы Ихсанова Сарагүл Алғыс хат 2023ж

«Қызыққа толы сәттер» қалалық байқауы Изтаева Бибигүл ІІ дәрежелі диплом 2023ж

«Мен зерртушімін» қалалық байқауы Кабделова Айнагул І дәрежелі диплом 2023ж

«Мен зерттеушімін» облыстық байқауы Кабделова Айнагул І дәрежелі диплом 2023ж

«Мен зерттеушімін» облыстық байқауы Ақбота бөбекжай-бақшасы І дәрежелі дипломмен марапатталды. 2023ж

«Отбасы және балабақша» журналында:

-«Балабақшадағы экологиялық тәрбиені ұйымдастыру жолдары»-Кошкинова Г.М

-«Балабақшадағы экологиялық тәрбиенің маңызы» Таниева Н.Р.-әдіскер

-«Дені саудың -жаны сау» -Ермекова Ж.Н педагог-психолог

-«Өсімдіктер әлемі» Раисова Р.М – қазақ тілі мұғалімі.

-«Ертегілер еліндегі сиқырлы пішіндер» Қалбағай Т.Р.-тәрбиеші

-«Күз келгенде» Смагулова А.С -тәрбиеші

-«Құстар біздің досымыз» Зиманова А.Т –тәрбиеші

Республикалық ғылыми –әдістемелік журнал «Тағлым» журналында «Монтессори» Х.О.Ануарбекова;

«Ойын арқылы бала қабілеттерін дамыту» Бакенова Б.У.- тәрбиеші;

«В гостях у сказки» Бекмағамбетова А.Т.-тәрбиеші;

«В мире сенсорики» Зражевская Ж. А.-тәрбиеші;

«Балаларды ойын арқылы табиғатпен таныстыру» Кабделова А.Г.-тәрбиеші;

«Ұлттық тәрбие» Қалбағай Т.Р.- тәрбиеші;
«Сенсорика көңілді ойындары» Мукашева Н.К.-тәрбиеші

3. Тәрбиеленушілер контингенті.

Бөбекжай бақшаның сыйымдылығы -205 балаға арналған. Бақшада 5 қазақ тобы және 4 орыс тобы жұмыс жасайды. Кіші топ-2 «Балапан», «Гномики» ; ортаңғы топтар-3 «Күншуақ»; «Жұлдызша»; «Еркемай» ;ересек топ-2; «Улыбка» ; «Балдырған» ; мектепалды топ-2: «Ақжелкен» ; «Лучики»

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар жоқ.

Ұлт өкілдері:Қазақ- 179 ;Орыс-19; түрік-1; Азербайжан-1;Шешен-2;Армянин-1; Өзбек-1; корееc-1

Көп балалы ата-аналар-37 ;жартылай отбасы-3; жалғыз басты ана-6

Балалар тізімі:

Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру

2021-2022 оқу жылы

№	Топтар атауы	Жас топтары	Бала саны
1	«Балапан»	Кіші қазақ топ	20
2	«Гномики»	Кіші орыс топ	20
3	«Күншуақ»	Ортаңғы қазақ топ	25
4	«Еркем-ай»	Ортаңғы орыс топ	25
5	«Жұлдызша»	Ересек қазақ топ	25
6	«Балдырған»	Ересек қазақ тобы	25
7	«Лучики»	Ересек орыс тобы	25
8	«Ақжелкен»	Мектепалды даярлық қазақ тобы	17
9	«Улыбка»	Мектепалды даярлық орыс тобы	21
	Барлығы:		205

2022-2023 оқу жылы

№	Топтар атауы	Жас топтары	Бала саны	Күншуақ б/бақшасынан келген балалар
1	«Балапан»	Кіші қазақ топ	20	7
2	«Гномики»	Кіші орыс топ	19	5
3	«Күншуақ»	Ортаңғы қазақ топ	23	7
4	«Жұлдызша»	Ортаңғы қазақ топ	25	4
5	«Еркем-ай»	Ортаңғы орыс топ	25	2
6	«Балдырған»	Ересек қазақ тобы	27	1
7	«Улыбка»	Ересек орыс тобы	25	4
8	«Ақжелкен»	Мектепалды қазақ тобы	22	2
9	«Лучики»	Мектепалды орыс тобы	19	2
	Барлығы:		205	34

Қалалық білім бөлімінің 13.04.2023 жылы №116 бұйрығы бойынша «Күншуақ» б/бақшасының жабылуына байланысты әр жастағы 34 бала қабылданды. 2023 жылға 3-4 жасар аралығындағы 30 балалар қабылданады және бала саны б/бақшаның сыйымдылығына 205 балаға сәйкестендіріледі.

“АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БЕРУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІ”
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
“ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АТЫРАУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ”

БҰЙРЫҚ

13.04.2023 г.

Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 116

город Атырау

№7 «Күншуақ» бөбекжай- бақшасы ғимараты
құрылымдарының апаттық жағдайда деп тануға
орай жөндеуге жабу
туралы


ТДО «FUTURE PROJECT» 2023 жылғы 6 наурыздағы №196 санды
№7 «Күншуақ» бөбекжай- бақшасы ғимаратының техникалық қорытындысы
негізінде, БҰЙЫРАМЫН:

1. №7 «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы ғимараты құрылымдарының апаттық жағдайда деп танылып, құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуымен қалыпты жұмыс ырғағы тоқтатылсын.
2. Балабақша тәрбиеленушілері ата-аналардың өтініштері бойынша орналастырылсын (қосымша 1).
3. Балабақша әкімшілігі (директор м.у.а. Г.Кусаинова) осы бұйрықтан туындайтын жұмыстарды жүзеге асырсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау бөлім басшысының орынбасары Е.Балмухановқа жүктелсін.

Бөлім басшысы

А.Хусинов

А.Хусинов



№27 «Ақбота» бөбекжай-бақшасы

№	Кіші топ	Ортаңғы топ	Ересек топ	МАД топ
1	Қалижан Зере-17.05.2020ж 200517604074	Ғариполла Айша-28.08.2019ж 190828603895	Ғани Шахназар-02.11.2017ж 171102503414	Кәрімолла Әдемі- 11.04.2017ж 170411604793
2	Голодова Арина-27.04.2020ж 200427604332	Асқар Мадина-16.05.2019ж 190516604718	Жулдасова Рада-25.09.2017ж 170925602444	
3	Геннадий Бағыт-09.12.2019ж 191209505238	Нұрбек Айару-19.02.2019ж 190219605127	Мырзабай Арыслан- 12.10.2017ж 171012502615	
4	Даулет Нұртілеу-22.01.2020ж 200122502262	Алпамысұлы Ернар- 07.03.2019ж 190307504379	Бактылы Ақниет-19.07.2018ж 180719602892	
5	Нұрболатқызы Аянатжан- 06.11.2020ж 201106653774	Нұрлан Алиа-08.05.2019ж 190508604625	Табылды Асылым-17.05.2018ж 180517604137	
6	Тилегенова Бекзада-22.02.2020ж 200222602807	Өтемұрат Нұртуған- 11.01.2019ж 190111504105	Нұрбек Имран-08.03.2018ж 180308504401	
7	Марат Мансур-01.09.2020ж 200901504709	Дюсегалиева Айша-20.11.2018ж 181120605229	Нигматуллина Эвелина- 17.06.2018ж 180617604071	
8	Гизатуллина Әдемі-27.08.2020ж 200827604951	Ермекқызы Аяна-11.10.2018ж 181011603993	Марденова Адина-20.07.2018ж 180720602015	
9	Серік Хадия-13.10.2020ж 201013651841	Сагидолла Амина-09.09.2018ж 180909604673	Ажғалиев Абзал-05.05.2018ж 180505504640	
10	Жолдасқали Амир-21.03.2020ж 200321503391			
11	Серікқали Әділхан-31.10.2019ж 191031503908			

12	Сайлау Қайсар-03.06.2020ж 200603505757			
13	Кенесариев Максим-28.09.2019ж 190928501896			
14	Өтемұрат Әміре-19.03.2020ж 200319502868			
15	Кәрімолла Дидар-12.02.2020ж 200212504377			

Handwritten signature

4.Оқу-әдістемелік жұмыс. Оқытумен мен тәрбиелеу қызметін бағалау.

Білім беру процесінің негізгі ерекшеліктері, инновациялық әдістерді қолдану;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты және мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқу-тәрбие процесі жүзеге асады. 2021-2022 оқу жылында «Bilim kids» бағдарламасымен жұмыс жасау енгізілді.Бұл бағдарламалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай жасалған.

Жобалы-іс шығармашылық технологиясы негізінде «Балабақшада экологиялық –инновациялық жоба» бағытында жұмыс жасайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында инновациялық жобаларды ұйымдастыру шығармашылық жұмысқа арқау болды.

Мектепке дейінгі балаларда экологиялық мәдениеті өлі табиғатпен тірі табиғаттың құндылығын түсінуі, экологиялық қарым-қатынас, мінез-құлықтан тұратындығы айқындалып, тұлғаның қоғамдық белсенділігі мен саналылығының маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылды. Экологиялық мәдениет жоғарыда көрсетілген құрамды бөліктерінің өзара әрекеті арқылы жүзеге асады.

1.Экологиялық жоба – бұл педагогтың мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту міндеттерін шешуге көмектесетін құрал.

Осы жобалардың жалпы сипаттамасы бағдарлама негізінде құрылатын принциптермен анықталады. Мекеме директоры Кошкинова Гулаем Мухтаровна осы шығармашылық жұмысы арқылы қалалық,облыстық педагогикалық оқуларды жеңімпаз деп танылып,2022 оқу жылында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты озат тәжірибені зерттеп, тарату ұсынысын жасап отыр.

XXI ғасыр – жаңа технологияның, ғылым-білімнің ғасыры. Қазіргі балалар жаңа технологиялар дәуірінде өмір сүреді және дамиды. Ал заман талабы – жаңа ақпараттық және оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. 2022 жылы балабақшада қалалық семинар –практикум «Балабақшада экологиялық инновациялық жоба» өтті.Семинарға қала балабақша меңгерушілері, Х.Досмухамедов атындағы Атырау Университет студенттері, ата-аналар қатысты.Семинар барысында б/бақша өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар осы тақырыпта Х.Досмухамедов атындағы педагогикалық университетте болған семинарға осы тақырыпта б/бақша меңгерушісі Г.Кошкинова қатысып «Алғыс хат» алды.

Ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері өте мол. Осындай ақпарат құралдарын пайдалана отырып, балалардың білімін, дағдыларын, ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденісін бақылау арқылы біршама нәтижеге жетіп жатырмыз.2023 жылы ЕСОВАТYS экологиялық жобалар новигаторы форсайт-кездесу Орал-2023, кездесуге қатысып,алғыс хат берілді.

М.Монтессори технологиясы.

Мария Монтессори - ең алғаш Италиядағы әйелдер арасынан шыққан медицина докторы.Ол балаларды еркін тәрбиелеу идеясын жасап, өмірге енгізді.

Монтессори технологиясының мақсаты:

- балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу;
- өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру;
- балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

Тәрбиеші-маманның міндеті:

- балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу;
- негізгі түстерді айыра білуге үйрету;
- ұсақ моториканы дамыту;
- алғашқы математикалық, ғарыштық түсініктерді қалыптастыру;
- зейінін тұрақтандыру;
- тәртіпке үйрету;

М.Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге,өздігінен шешім қабылдауына, топтада,жекеде жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызады.

Бұл әдістің мақсаты - балалардың табиғи мінезін, қабілетін, тәрбиешінің нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу."Өзімнің жасауыма мүмкіндік бер" дейді мұндағы бала. Балаларға дауыстап сөйлеу бұл әдісте мүлдем жоқ. Ұйымдастырушысы балаларға әр сала жайлы қызықтыра мағлұмат береді. Қай салада жұмыс жасау бала қалауында: зертханада, жаратылыстану, аспан әлемі, асхана, қолөнер, бейнелеу, сумен, т. б. Еркін жұмыс жасау барысында жетістігін өзі көріп, қатесін де өзі жөндеуі - ішкі дүниесін тәртіпке баулып, жеке адамгершілік қасиеттерін дамытады деп ойлаймын. Пайдаланған заттардың ең басында қалай тұрғанын бақылаған бала, жұмыс аяғында тап солай жинастырып, тазартып қояды.

М.Монтессори әдісінен күтілетін нәтиже:

- 1.Заттардың көлемін, түсін, өлшемін, дыбысын ажырата алады.
 - 2.Алдарына қойған мәселені шешуге үйренеді.
 - 3.Өз бетінше жұмыс жасауға машықтанады.
- Бұл әдістің тиімділігі балалар өзін-өзі тәрбиелеуге және ұқыпты болуға үйренеді.

3. "Интеллектум" логика ойындары

XXI ғасыр – жаңа технологияның, ғылым-білімнің ғасыры. Қазіргі балалар жаңа технологиялар дәуірінде өмір сүреді және дамиды. Қазіргі таңда «Интеллектум» атты мектепке дейінгі логика ойындарына көп көңіл бөлінуде. Интеллектум — елімізде енді ғана дамып келе жатқан инновациялық сала.

Бөбекжай- бақшада «Интеллектум» кабинеті ашылды. Кабинет барлық керекті жабдықтармен қамтамасыз етілді. Кабинетті ашудағы мақсатымыз: интеллектум ойындары арқылы мектепке дейінгі жас өспірімдердің зияткерлік қабілетін, көрнекі ойлауын, үш өлшемде (3D) логикасын, көздің координациясын, психомоторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. «Интеллектум» ойыны -

болашақтың білім беру үлгісі. Балалар бұл ойынды қызығушылықпен, ынтамен ойнауда. Интеллектум ойындары - баланың ой-өрісін дамытып, тез шешім қабылдауға, шапшаңдыққа баулиды, арнайы ойындар көмегімен жүргізіледі «Интеллектум» ойындары балалардың өзіне деген сенімін арттырып, ашық та зерек болып өсуіне ықпал етеді.

Балалардың визуалды қабылдау, яғни заттың түсін, пішінін, мөлшерін, көлемін, бағытын үйренеді. Сондай-ақ салыстырмалы түрдегі үлкен-кіші, алыс-жақын, аз-көп ұғымдарын, ұқсас бөлшектерді айыру, үш өлшемді фигураларды анықтау, пішіндерден кескін құрау, ортақ бөліктерді көре білу қасиетін жақсартады. Ой қиялдарын шарықтата отырып, өз нұсқасын жасауға дағдыланады.

АКТ ақпараттық коммуникативті технология

Инновациялық технологиялардың түрлерін қарастыру- мектепке дейінгі мекемелерде оларды қолданудың тиімділігін көрсетеді. Интерактивтік тақталарды пайдалану, оқыту мен тәрбие барысында мультимедия арқылы жүзеге асыру- жаңа заман талабы.

“Сыни тұрғысынан ойлау” (СТО) технологиясы. Мұнда әр баланың ойы шындалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады, бала өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. Мұнда балаға ойланып-толғануға уақыт берілуі керек, ойын айтуға бала шығармашылығын қалыптастыратынын атап өту керек. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысында “Сен не ұқтың?”, “Сен нені білгің келеді?” және «Сен неге бұлай ойлайсың?» деген сұрақтарды балалардан сұрап отырамын. Бұл тұрғыда Сен не ұқтың? сұрағына жауап алу мақсатында «Кубизм» стратегиясын пайдаланамыз.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани адамгершілік дағдыларды қалыптастыру: ұрпақ тәрбиесі – ата-бабамыздан келе жатқан рухани мұралардың бірі. Ел бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі дәстүрлі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарымен сабақтасып жүзеге асады. Рухани жаңғыру- бұл ұлттық рухты, ұлттық сананы, дәстүрді, әдеп-ғұрыпты, мәдениетті сіңіру». Рухани жаңғыру біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі. Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту. Балалардың бойында ұлттық сананы ояту, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру мақсатында, бөбекжай-бақшада жыл бойы «Рухани жаңғыру» аясында көптеген жұмыстар жүргізіліп, балалардың сапалы білім алуына, мамандардың жаңа технологияларды білім беру жүйесінде қолданып, күнделікті оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен пайдалануда.

Болашақты гүлдендіріп, тәуелсіздікті нығайтатын ұрпақ алдымен рухани ұлттық тәрбие нәрімен сусындауы қажет. Рухани байлық, ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, әдебиеті, мәдениеті, өнері, шыққан түп-тамырында.

Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдары мен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетіне талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау бүгінгі білім беру тәрбие ісінің басты міндеті. Осы мақсатта «Қош келдің наурыз мерекесі» апталығы, «Әжем жасаған бұйымдар» ұлттық нақыштағы қол өнер жұмыстарынан көрме ұйымдастырды. Бұл шараға балабақшамыздың барлық топтары қатысты. Салт

дәстүрді сақтап, кейінгі ұрпаққа отбасының, дастархан берекесінің, ағайын-туыстың бірлігін сақтайтын, әрі ақылгөйі, тілеуқоры әжелерді қадір тұтуға үйрету.

9 мамыр жеңіс күніне орай «Ер есімі-ел есінде» атты тақырыптық оқу қызметі өтті. Мектепалды топ тәрбиешілері Бибигуль Тухпатовна мен Тарбие Рамазанқызы күрес жолында халқымыздың басынан өткерген небір қиындықтары мен қасіреттерге тоқталып, ерліктерімен тарихқа жазылып, халық есінде мәңгі сақталған жандар туралы мағлұмат берді.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылында да балабақшада көптеген жұмыстар жүргізіліп, балалардың сапалы білім алуына, мамандардың жаңа технологияларды білім беру жүйесінде қолданып, болашақта бағдарлы жұмыстар жүргізіп, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге бағыт бағдар берді. Балалардың ана тілінің қадір-қасиетін біліп, көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғынып, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастырып, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге атсалысу мақсатында балабақшамызда Қазақ тіл пән мұғалімі Раисова Розаның ұйымдастыруымен «Ана-тілім ардағым» деген тақырыпта ата-ана мен балалардың қатысуымен сайыс өтті. Ендеше көкжиектен ауытқымай, балабақшада «Рухани жаңғыру» аясында көптеген ертеңгіліктер «Біз тәуелсіз ел ұрпағымыз», ертеңгілігі «Менің елім – Қазақстан», атты тақырыпқа педагогтар арасында мерекелік шара ұйымдастырылды. Білім беру жүйесінде жаңа технологияларды пайдаланып, жаңаша әдістер қолданылады. Табиғат – күллі тіршілік атаулының қуатты қонысы, алтын ұя бесігі, құт берекесі. Осы табиғаттың төрт мезгілінің алатын орны ерекше. Күз-адам баласына молшылық, береке әкелетін мезгіл. Сондықтанда да, адамдар күзді берекелі күз, алтын күз деп баға береді. Алтын дейтін себебі, біріншіден, айналаның бәрі сап – сары түске боялады, екіншіден, алтын байлықтың белгісі. Күзде егінді жинап алатын болған ата - бабаларымыз «Сабан той» өткізіп, күз берекесін тойлаған, Балабақшамызда осы күз мерекесін тойлау дәстүрге айналды. Тәрбиешілері Смагулова А.С мен Зражевская Ж.А «Ауылдағы сабан той» атты ертеңгіліктер өткізді.

Біздің ең биік мақсатымыз келешегі кемел білімді, дені сау ұрпақ тәрбиелеу. Осы мақсатта дене шынықтыру пән мұғалімі Кашкинова А.Ж «Сары аязда шыңдалып, Шымыр болар денеміз» тақырыбында спорттық сайыс өткізді. Әр үйдің үміті болған кішкентай бүлдіршіндерді Отансүйгіштікке, ұлттық салт - дәстүрімізді құрметтеуге, өлкеміздің табиғатын қорғауға қалыптастыру балабақша табалдырығынан бастау алуы қажет.

Балаларды елін, Отанын сүйуге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу, имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру, халқымыздың салт - дәстүрлерін сақтауға, балаларды еңбексүйгіштікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу мақсатында барлық топтарда «Қош келдің наурыз мерекесі» ертеңгілік, тақырыптық оқу қызметтері, Ересек топ тәрбиешісі Қалбағай Т.Р Ою-өрнектер сыры» бағыт бойынша жұмыс, Қазақ тілі пәні мұғалімі Раисова Р.М «Әжелер сөзі, тәрбие көзі» атты сайыстар өтті. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу мақсатында жеңіс күніне орай балабақшамыздың топ тәрбиешілері «Бейбіт күн жасасын әлемде» деген тақырыпта ертеңгіліктер өткізді.

Елдің ертеңгі тірегі – балабақшадағы тәрбиеленіп жатқан балдырғандарымыз. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс.

Педагогтармен, тәрбиеленушілермен, ата-аналармен қолданылатын жұмыс түрлері;

А. Сухомлинский балалардың ата-аналарымен жұмыс істеудің маңызына ерекше назар аударып: «Тек ата-аналармен бірге, жалпы күш жігерді біріктіру арқасында тәрбиешілер балаларға үлкен адамдық бақытты беруі мүмкін», — дейді. Балабақшаның ата-аналармен жүргізетін жұмысының ерекшелігі осы екі жақтың байланысы мен әрекет бірлігінің тұрақтылығынан көрінеді. Бұл тұрақтылықты ең алдымен тәрбиешілер қамтамасыз етеді.

Педагогтармен:

1. Педагогикалық кеңестер-(жоспарлы түрде жылына 5 рет)
2. Семинар, семинар-практикумдар(алынған міндеттер негізінде)
3. Кеңес берулер(сұраныстар мен жоспарға сай)
4. Ашық оқу қызметтерін өткізу
(өзара байланыс , жылына 2 рет,)
5. Мектеппен байланыс(оқыту-тәрбиелеу жүйесіндегі сабақтастықты нығайту)
6. Қалалық педагогикалық оқуларға, сайыстарға қатысу (инновациялық технология қолдану)
7. Тәжірибе алмасу (тәжірибелі мамандар кеңестері)
8. Білім жетілдіру курстарына
қатысу(міндетті түрде)

Тәрбиеленушілермен:

1. Ойната отырып оқыту тәжірибесінен ұйымдастырылған іс-әрекеттер
2. Ертеңгіліктер мен ойын сауықтар(бағдарлама негізінде)
3. Күн реттеліміне сай шаралар
(оқу-тәрбиенің шаралары)
4. Алғашқы еңбек дағдыларына баулу (кезекшілік, табиғаттағы еңбек,)
5. Интеллект ойындарын ойнату (тәрбиеленушілердің зияткерлік дағдыларын дамыту)
6. Экскурсиялар(өнер, білім мекемелеріне)
7. «Кішкентай бағбан»-бөбекжай-бақшаның инновациялық бағытына сай тәжірибелік шараларға қатысу

Ата-аналармен :

Тәрбиешілердің ата-аналармен қоян-қолтық жұмыс істеуі мақсатты түрде өте ұзақ мерзімді қажет ететін процесс. Ол үшін, жанұяны және оның отбасы тәрбиесіндегі ерекшеліктерімен жағдайын жан-жақты әрі жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстағы тәрбиешінің негізгі міндеттері

-Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату

-Отбасы мен балабақшаның балаға қоятын талаптарының бірлігін қамтамасыз ету.

-Ата-аналар ұжымын құру.

Ата-аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру.

Ата-аналармен мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі:

а) **ұжымдық** (ата-аналар жиналысы, ата-аналармен кездесулер, сұрақтар мен жауаптар кеші, «дөңгелек үстел» отырыстары, тренингтік сипаттағы сабақтар, ата-аналармен балалардың бірлескен жұмыстарының көрмелері, ашық есік күндері, ата-аналарға арналған мектептер, ата-аналар конференциялары) жұмыс түрлерін жиі өткізіп тұрамыз.

б) **жеке** (жеке әңгімелесулер және кеңестер, үйге бару, ата-аналарды балабақша өміріне тарту)

в) **көрнекілік-ақпараттық** (балалар жұмыстарының көрмелері, отбасылық тәрбие мәселелері туралы кітаптарды, газет және журнал мақалаларын, отбасылық тәжірибе кітаптарын жарнамалау)

Ата-аналармен, тәрбиешілермен, балалармен балабақша психологы жылдық жоспар бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп отырады.

Балалармен психодиагностикалық ойындар, жаттығулар, тренингтер, мониторинг жүргізіліп тұрады. ата-аналарға кеңестер беріліп, сауалнамалар жүргізіледі.

Бөбекжай-бақшада педагогтердің, тәрбиеленушілердің қатысуымен өткізетін іс-шаралар

Педагог тәрбиешілер барлығы таңдаған бағыттары бойынша шығармашылық жұмыс жасайды.

Қалбағай Т.Р «Ұлттық тәрбиенің бала дамуына әсері»,

Изтаева Б.Т «Математикалық ойындар арқылы балалардың таным қабілетін дамыту»,

Зиманова А.Т «Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу»,

Зражевская Ж.А «Балабақшада М.Монтессори технологиясын қолданудың әдіс-тәсілдері»,

Бекмагамбетова А.Т «Балабақшадағы сенсорлық тәрбиенің маңызы»,

Жанайысова А.А «Көркем шығарма арқылы балалардың тілін дамыту» Қабделова А. Г «Балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу»

Раисова Р.М «Ойын-жаттығулар арқылы мемлекеттік тілді дамыту».

Смагулова А.С «Экологиялық ойындар арқылы табиғатты сүйуге тәрбиелеу»

Ермекова Ж.Н «Балалардың психологиялық танымдық қабілеттерін дамыту жолдары»

Мукашева Н.К «Балабақшада табиғатты қорғауға үйрету, және тілін дамыту.»

Ихсанова С.К «Саусақ жаттығулары балалардың тілін дамыту»

Мизамова М.А «Балаларды би үйірмесіне қатыстыру арқылы би өнеріне деген эстетикалық талғамын жоғарылату»

Балабақша экологиялық –инновациялық жоба бойынша 2019 жылдан бері жұмыс жасап келеді, осы бағытта ата-аналармен бірлесіп балабақша шаруағына жылыжай салынды, жылыжай өнімдерін қыстай өсіріп, көктемде шаруаққа егеміз. Балабақша ауласына көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Аулада жеміс ағаштары, сәндік теректер, көкөністер отырғызылған. Сауықтыру шаралары жоспар бойынша жүргізіледі. Жаз мезгілінде балаларды шынықтыру мақсатында ір түрлі жұмыстар өткізілді. Адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерінің қайнар бұлағын пайдалана отырып жүргізген шынығудың инновациялық жобаларының нәтижесінде

Соқпақ жолдар:

- Табанды қытықтап, массаж әсерін береді;
- майтабан балаларға емдік қасиеті болады.

Сумен шынығу:

- Салқын тию мүмкіндігін азайтады;
- ағзасын тыныштандырып, жақсы ұйықтауға, асқа тәбетін арттырады;
- дем шығаруды реттеп, сенімділікке жетелейді.

Экологиялық тынығу зонасы :

- Әдемі көрініс сәбилерді қызықтырып, таңданыстарын туғызады;
- тынығу зонасындағы жайлылықты сезініп, релаксациялық босаңси алады.
- қарапайым табиғат қорғау іс-әрекетіне баули отырып, экологиялық ережелерді сақтауға үйретеді.
- Сонымен қатар балабақшада гүлзарлар егу ұйымдастырылған.

2021-2022 оқу жылы бойынша

Білім мен тәрбие бастауын балалар балабақшадан алады. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында заманымызға сай зерделі, ой- өрісі жоғары, жан - жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орны бар үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. №27 «Ақбота» бөбекжай-бақшасы КМҚК 2021-2022 оқу жылындағы оқу жоспары Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы, «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР денсаулық сақтау министрінің 2021ж 09 шілдедегі №59 бұйрығы, Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы, Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 9 қаңтардағы № 10 бұйрығы, ҚР білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына 1-қосымша, 2-қосымша ҚР БҒМ 2012жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-қосымша, 2-қосымшасы негізінде 1жастан бастап, 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларды оқыту қазақ және орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес құрылды.

2021-2022 оқу жылына арналған оқу жоспарының сағаттары 1-2-3-4 аптаға бөлініп салынды және соған сәйкес 1-2-3-4 аптаға ҰОҚ кестесі шығарылды. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жаңа мемлекеттік стандарты бойынша базалық оқу жоспары негізінде жылдық сағат саны шығарылды. Оқу жоспары 2021 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып бекітілді. Оқу жоспары Кіші және Мектепалды даярлық топтар аралығын қамтиды.

Кіші қазақ және орыс топ: «Денсаулық»-108; «Қатынас»-36; «Таным» -72;
«Шығармашылық» -108. Барлығы -324
Ортаңғы қазақ топ: «Денсаулық»-108; «Қатынас»-72; «Таным»-90;
«Шығармашылық» -108; «Әлеумет» -18. Барлығы -396
Ортаңғы орыс топ: «Денсаулық»-108; «Қатынас»-90; «Таным»-90;
«Шығармашылық» -108; «Әлеумет» -18. Барлығы -414
Ересек қазақ топ: «Денсаулық»-108; «Қатынас»-90; «Таным»-90;
«Шығармашылық» -126; «Әлеумет» -18. Барлығы -432
Ересек орыс топ: «Денсаулық»-108; «Қатынас»-108; «Таным»-90;
«Шығармашылық» -126; «Әлеумет» -18. Барлығы -450
Мектепалды қазақ топ: «Денсаулық»-108; «Қатынас»-180; «Таным»-90;
«Шығармашылық» -180; «Әлеумет» -54 Барлығы -612
Мектепалды орыс топ: «Денсаулық»-108; «Қатынас»-216; «Таным»-90;
«Шығармашылық» -180; «Әлеумет» -54; Барлығы -648

2 жастан бастап қазақ және орыс топ балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі- 9 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 10-15 минут. Оқу жылының ұзақтығы-36 оқу аптасы. 3 жастан бастап ортаңғы қазақ топ балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 11 сағат, вариативтік компонентке «Ғажайып театр» 1 сағат қарастырылып, барлығы 12 сағат жиынтығын құрады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15 – 20 минут. Оқу жылының ұзақтығы – 36

оқу аптасы. 3 жастан бастап ортаңғы орыс топ балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 11,5 сағат, вариативтік компонентке 0,5 сағат «Волшебный театр» 0,5с қарастырылып, барлығы 12 сағат жиынтығын құрады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15 – 20 минут. Оқу жылының ұзақтығы – 36 оқу аптасы. 4 жастан бастап ересек қазақ тобының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 12 сағат, вариативтік компонентке «Кел, билейік» (хореография) – 1 сағат; «Табиғат әлемі» – 1 сағат қарастырылып, барлығы 14 сағат жиынтығын құрады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20 – 25 минут. Оқу жылының ұзақтығы- 36 оқу аптасы. 4 жастан бастап ересек орыс топ балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 12,5 сағат, вариативтік компонентке 1,5 сағат -«Потанцуюм вместе» (хореография) – 1сағат; «Занимательная математика»-0,5 сағат қарастырылып, барлығы 14 сағат жиынтығын құрады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20 – 25 минут. Оқу жылының ұзақтығы – 36 оқу аптасы. 5 жастан бастап мектепалды даярлық қазақ топ балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 17 сағат, вариативтік компонентке 3 сағат «Кел, билейік» (хореография) – 1 сағат; «Ұлттық тәрбие» – 1 сағат; «Жас зерттеуші» 1 сағат қарастырылып, барлығы 20 сағат жиынтығын құрады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25 – 30 минут. Оқу жылының ұзақтығы – 36 оқу аптасы. 5 жастан бастап мектепалды даярлық орыс топ балаларының ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі – 18 сағат, вариативтік компонентке 2 сағат - «Потанцуюм вместе» (хореография) – 1 сағат, «Юный исследователь» – 1 сағат қарастырылып, барлығы 20 сағат жиынтығын құрады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25 – 30 минут. Оқу жылының ұзақтығы – 36 оқу аптасы. Бөбекжай-бақшасының ұйымдастырылған оқу қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы арқылы жүргізіледі. Оқу жоспары кіші жас тобынан мектепалды даярлық топ аралығын қамтиды. Балабақшада 9 топтың 5-еуі мемлекеттік тілде, 4-еуі орыс тілінде жұмыс жасайды. Бақшада кіші топ-2 кіші топ - 2, ортаңғы топ- 2, ересек топ – 3, мектепалды даярлық топ-2 бар.

Оқыту мерзіміне қойылатын талаптар бойынша жас топтарының бөлінісі.

2021-2022 оқу жылы

№	Топтар атауы	Жас кезеңі	Жас топтары
1	«Балапан»	2 жастан бастап	Кіші қазақ топ
2	«Гномики»	2 жастан бастап	Кіші орыс топ
3	«Күншуақ»	3 жастан бастап	Ортаңғы қазақ топ
4	«Еркем-ай»	3 жастан бастап	Ортаңғы орыс топ
5	«Жұлдызша»	4 жастан бастап	Ересек қазақ топ
6	«Балдырған»	4 жастан бастап	Ересек қазақ тобы
7	«Лучики»	4 жастан бастап	Ересек орыс тобы
8	«Ақжелкен»	5 жастан бастап	Мектепалды даярлық қазақ тобы
9	«Улыбка»	5 жастан бастап	Мектепалды даярлық орыс тобы

Топтар бойынша вариативтік компонент сағаттары мына түрде енгізілді.

№	Вариативтік компонент	Сағаты	Топтар
1	«Ғажайып театр»	1	Ортаңғы «Күншуақ» тобы
2	«Волшебный театр»	0,5	Ортаңғы «Еркемай» тобы
3	«Кел, билейік!»	1	Ересек «Балдырған» тобы
	«Табиғат әлемі»	1	
4	«Кел, билейік!»	1	Ересек «Жұлдызша» тобы
	«Табиғат әлемі»	1	
5	«Потанцуем вместе»	1	Ересек «Лучики» тобы
	«Занимательная математика»	0,5	
6	«Жас зерттеуші»	1	Мектепалды «Ақжелкен» тобы
	«Кел, билейік»	1	
	«Ұлттық тәрбие»	1	
7	«Потанцуем вместе»	1	Мектепалды «Улыбка» тобы
	«Юный исследователь»	1	

2022-2023 оқу жылы бойынша

Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сай, Қазақстан Республикасының дамыған елдерімен иық тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс – әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатындай ұрпақ тәрбиелеу ұстаздың міндеті. Осы орайда №27 «Ақбота» бөбекжай-бақша Коммуналдық Мемлекеттік Қазыналық Кәсіпорны 2022-2023 оқу жылындағы оқу жоспары Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. 2022ж 15.03.№137 қаулы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш,

негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 ж. 09 шілдедегі №59 бұйрығының; Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 9 қаңтардағы № 10 бұйрығы, ҚР білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына 1-қосымша, 2-қосымша ҚР БҒМ 2012жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-қосымша, 2-қосымшасы негізінде 1жастан бастап, 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларды оқыту қазақ және орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес құрылды.

2022-2023 оқу жылында «Ақбота» бөбекжай-бақшада 9 топ жұмыс жасады. 5 топ қазақ тілінде, 4 топ орыс тілінде. Оқу жоспары 2022 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып бекітілді. Оқу жоспары Кіші және мектепалды топтар аралығын қамтиды.

Мектепке дейінгі ұйымның бекітілген кестесіне сай Кіші топ (2 жастағы балалар) аптадағы нормативтік жүктеме дене шынықтыру–3, музыка – 1 реттен жүргізіліп, қалған ұйымдастырылған іс–әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс– әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) аптадағы нормативтік жүктеме дене шынықтыру–3, музыка – қазақ тілі –1 реттен жүргізіліп, қалған ұйымдастырылған іс–әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Ересек топ (4 жастағы балалар) аптадағы нормативтік жүктеме дене шынықтыру–3, музыка – 2, қазақ тілі –1 реттен жүргізіліп, қалған ұйымдастырылған іс–әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Мектепалды (5 жастағы балалар) аптадағы нормативтік жүктеме ұйымдастырылған іс–әрекетінің жалпы көлемі – 20 сағат. Балалардың іс– әрекетінің аптадағы өткізу жиілігі күн сайын жүргізіледі.

